

**2015 жылға «Батыс су арнасы» ЖШС таратушы желілері бойынша  
суды беру, ағынды суларды қашыртқылау мен тазалау қызметтеріне  
тарифтік сметалардың орындалуы туралы  
ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА**

«Батыс су арнасы» ЖШС қызметінің негізгі түрлері сумен қамту мен ағынды суларды қашыртқылау жүйесіндегі коммуналдық қызмет саласындағы шаруашылық қызметті жүзеге асыру болып табылады, оның міндеттері:

МСТ-ға сәйкес үздіксіз ауыз сумен қамту және тазалау құрылыстарының өндірістік қуаттылығына сәйкес қалалық ағынды суларды қашыртқылауды және оларды тиісті тазалауды қамтамасыз ету.

Кәсіпорын теңгерімінде 429,7км. су құбыры желілері; 362,3км. кәріз желілері; 39 дана көтергіш су құбыры сорғы стансалары; 34 дана кәріздік сорғы стансалары; 1 дана төгінді стансасы; сутартқы, су тазалау құрылыстары; кәріздік тазалау құрылыстары бар.

01.01.2016 жылға есепте 10991,2млн.теңге сомаға негізгі құралдар бар, соның ішінде:

- ғимараттар мен құрылыстар 3051,3млн.теңге;
- машиналар, жабдықтар мен берілетін құрылғылар 7719,5млн.теңге;
- көлік құралдары 199млн.теңге;
- өзге негізгі құралдар 21,4млн.теңге.

2015 жылға пайдалануға енгізілген негізгі құралдардың жалпы құны 4718,4млн.теңгені құрады, оның ішінде 3171,4млн.теңге жарғылық қорды толықтыруға (су құбыры мен кәріз желілері, жаңа аудандардың құрылыстары), 1546,8 млн.теңге өз қаржымыздың есебінен.

Кәріз коллекторының 2-ші бұтасын қайта құрылымдау – 1393млн.теңге;

КТҚ қайта құрылымдау – 1672млн.теңге;

СТҚ-дан Петровский көшесіне дейін су құбырының 2-ші бұтасын қайта құрылымдау – 388млн.теңге;

АКВА сорғы стансалары – 41,4млн.теңге;

Сорғы агрегаттары – 7,2млн.теңге;

Сорғылар – 8,2млн.теңге;

Қар мен балшыққа жүру техникасы – 7,5млн.теңге.

83км. су құбыры мен 42км. кәріз желілері 100% тозығы жетуімен пайдаланылуда.

81,7млн.теңге сомаға су құбыры, 54,3млн.теңге сомаға кәріз бойынша ағымдағы жөндеу орындалған.

2015 жылға барлығы 11158 мың м3 су өткізілді, 9126 мың м3 ағынды сулар өткізіліп, тазаланды.

Өндіріс көлемінің тарифтік сметадағыға қарағанда төмендеуі келесі себептер бойынша орын алды.

Суды үнемді шығындау және судың техникалық шығындарын төмендету мақсатында 2013 жылдың тамыз айында дәлдік класы анағұрлым жоғары УВР-011 ультра дыбысты шығынды өлшеу есептегіш құралдары алынып, орнатылды.

Сонымен қатар, суды беру және суды өткізу көлемдерінің төмендеуі басқа да объективті себептер бойынша орын алды.

2013 жылдың 01 ақпанынан есептегіш құралдары бар және есептегіш құралдары жоқ тұрғындар үшін тарифтердің енгізілуіне байланысты жеке тұлғалардың есептегіш құралдарды орнатуының саны өсті.

Сәйкесінше, тұрғындар бойынша суды өткізу көлемі де төмендеді, өйткені норма бойынша 1 адамға пайдалану көлемі 8,1м<sup>3</sup> есептелсе, ал есептегіш құралдары болған кезде 1 адамға суды пайдалану көлемі орташа 3м<sup>3</sup> құрайды.

Суды қашыртқылау көлемінің төмендеуі суды өткізу көлемдерінің төмендеуі есебінен орын алды, сонымен қатар Ұлттық экономика Министрлігінің 28.02.2015 жылғы №159 бұйрығымен сумен қамту мен суды қашыртқылаудың ұсынылған қызметтерінің көлемін анықтау әдістемесінде суды қашыртқылау жүйесіне тікелей қосылмаған тұтынушылардың суды қашыртқылау қызметтерінің көлемін анықтау бөлігіне, яғни суды пайдалану көлемі бойынша емес, төгінді бекетінде суды қашыртқылау жүйесіне қабылданған ағынды сулардың нақты көлемі бойынша анықтауға енгізілген өзгерістерге байланысты орын алды.

Кәсіпорында нормативтік техникалық шығындардың төмендеуі динамикасы бар:

2012 жыл – 33,9% бекітілген кезде 26,6%.

2013 жыл – 26% бекітілген кезде 26%.

2014 жыл – 22% бекітілген кезде 21,5%.

2015 жыл – 21% бекітілген кезде 20,5%.

Орал қаласындағы кәсіпорын жұмысшыларының тізімдік саны 01.01.2016 жылға 861 адамды құрайды, 2015 жылға орташа айлық еңбекақы 90 мың теңгені құрайды.

2015 жылы Орал жерасты сулары кен орнының жерасты сутартқысындағы 29 ұңғыма шайылып, жұмысқа дайындалды. Тиекті темір арқауларға түгендеу жүргізілді, 39 су құбыры сорғы стансалары мен 34 кәріздік сорғы стансаларында технологиялық жабдықтар мен сорғы агрегаттарына жөндеу жүргізілді. Қарау құдықтарын тазалау және жөндеу жүргізілді, 400км. су құбыры мен 160км. кәріз желілері шайылды.

Амортизациялық аударымдар қаржысының есебінен 88,6млн.теңге сомаға негізгі құралдар мен жабдықтар алынды және 128,3млн.теңге сомаға негізгі құралдарға күрделі жөндеу өткізілді. ҚҚС-сыз 1392,6млн.теңге сомаға «Нұрлы жол» бағдарламасы бойынша кәріз коллекторының 2-ші бұтасына қайта құрылымдау жүргізілді.

Өз күшімізбен 83млн.теңге сомаға 8км. су құбыры желілері, 2,46км. кәріз желілері ауыстырылды және 45,3млн.теңге сомаға кәріз желілеріне жөндеу жүргізуге жобалық-сметалық құжаттама жасалды.

2015 жылы орлар қазу арқылы су құбыры бойынша 193 дана, кәріз бойынша 7 дана апаттар жойылды.

2015 жылдан қолданысқа енгізілген сумен қамту мен суды қашыртқылау қызметтеріне тарифтер Табиғи монополияларды реттеу бойынша Департаменттің 2013 жылғы 08 қаңтардағы №5-НҚ бұйрығымен оңайлатылған тәртіпте бекітілді және 01.02.2013 жылдан суды беру мен суды қашыртқылау қызметтеріне тарифтер енгізілді.

#### **Сумен қамту**

есептегіш құралдары бар тұрғындар – 1м3 үшін ҚҚС-пен 38,16 теңге;  
есептегіш құралдары жоқ тұрғындар – 1м3 үшін ҚҚС-пен 57,15 теңге;  
бюджеттік мекемелер – 1м3 үшін ҚҚС-пен 319 теңге;  
өзге тұтынушылар – 1м3 үшін ҚҚС-пен 229,53 теңге.

#### **Суды қашыртқылау**

есептегіш құралдары бар тұрғындар – 1м3 үшін ҚҚС-пен 37,02 теңге;  
есептегіш құралдары жоқ тұрғындар – 1м3 үшін ҚҚС-пен 63,89 теңге;  
бюджеттік мекемелер – 1м3 үшін ҚҚС-пен 450,81 теңге;  
өзге тұтынушылар – 1м3 үшін ҚҚС-пен 205,66 теңге.

Жайландырылған сектор бойынша айына 1 адамға су мен кәріз үшін төлем 980,40 теңге, колонкадан 68,60 теңге.

ҚР Ұлттық экономика министрлігінің табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау Комитетінің БҚО бойынша Департаментінің 23.11.2015 жылғы №235-НҚ бұйрығымен кәсіпорынға 01.01.2016 жылдан бастап 2016-2020 жылдарға суды беру мен ағынды суларды қашыртқылау бойынша қызметтерге тарифтердің шекті деңгейі бекітілді.

#### **Сумен қамту**

тұрғындар – 1м3 үшін ҚҚС-пен 50 теңге;  
бюджеттік мекемелер – 1м3 үшін ҚҚС-пен 387,99 теңге;  
өзге тұтынушылар – 1м3 үшін ҚҚС-пен 300,73 теңге.

#### **Суды қашыртқылау**

тұрғындар – 1м3 үшін ҚҚС-пен 52,07 теңге;  
бюджеттік мекемелер – 1м3 үшін ҚҚС-пен 542,96 теңге;  
өзге тұтынушылар – 1м3 үшін ҚҚС-пен 289,25 теңге.

Жайландырылған сектор бойынша айына 1 адамға су мен кәріз үшін төлем 826,77 теңге, колонкадан 60 теңге.

01.01.2016 жылға тұрғындар бойынша абоненттер саны 94187 құрайды, соның ішінде жайландырылған сектор 66380 адам.

Тұратын адамдар санының барлығы 243198, соның ішінде жайландырылған сектор 170013 адам.

Су тарату колонкаларының саны 73 дана.

01.01.2016 жылға жайландырылған үйлерде 138257 дана есептегіш құралдары орнатылды, бұл қажетті саннан 96% құрайды.



2015 жылға көрсетілген қызметтер үшін төлем есептелген 1978,2млн.теңгенің орнына жиналған 1996,3млн. теңгені құрады, жинау пайызы 100,9% құрады, соның ішінде тұрғындар бойынша 103,1% құрады.

Суды технологиялық тазалаудың барлық кезеңінде оның сапасына бақылау жүргізіледі. Желілерге берілетін ауыз су МСТ-ға сәйкес.

Қаланың тарату желілеріндегі ауыз суға тұрақты бақылау жүргізіледі.

Күн сайын қаланың барлық шетінен қала колонкаларынан 20-дан 25-ке дейін судың сынамасы алынады. Алынған сынамаларға химиялық және бактериологиялық талдау жүргізіледі. 2015 жылға таратушы желілерден, СТҚ және ЖАС резервуарларынан, ұнғымалардан 3608 сынама алынды және 7216 бактериологиялық талдау жүргізілді, 12426 сынама алынып, 17278 химиялық талдау жүргізілді, қалалық желілерге шаю жүргізілді, 47 су құбыры құдықтары хлорланды.

Ағынды сулар бойынша осы жылға 687 сынама алынды, 7468 талдау жасалды.

01.01.2016 жылға дебиторлық қарыз 151,7млн.теңгені құрады, соның ішінде қызметтер үшін - 132,9 млн.теңгені, соның ішінде тұрғындар – 88,1млн.теңгені, кәсіпорындар – 55,2млн.теңгені, бюджеттік мекемелер – 7,2млн.теңгені, өзге дебиторлық қарыздар – 1,2млн.теңгені құрады.

Кредиторлық қарыздар 227,2млн.теңгені құрады, соның ішінде зейнетақы қоры мен әлеуметтік салықтар және аударымдар – 22,6млн.теңгені, еңбекақы – 64,6млн.теңгені, салықтар – 51,1млн.теңгені, алынған аванстар – 13,8млн.теңгені, жеткізушілерге – 70,6млн.теңгені, басқа да кредиторлық қарыздар – 4,5млн.теңгені құрады.

2015 жылға 25603 мың теңге сомаға 1526 іс борышкерлерден мәжбүрлеп өндіріп алу үшін ресімделді, 2014 жылдан көшкен істерді есепке алғанда сотта 21392 мың теңге сомаға жеке тұлғалармен 1563 іс қаралды, борышын толық төлеу арқылы қайтарылған материалдар бойынша 190 анықтама қабылданды. Сот актілерін орындау мақсатында Департамент атқару парақтары бойынша белгілі жұмыстар жүргізуде: атқару парақтары борышкерлердің жұмыс орындарына, зейнетақы орталығына бағытталады, борышкерлердің мүлкіне тыйым салынады. Занды тұлғалар бойынша жалпы сомасы 16782,2 мың теңгеге 32 талап сотқа жіберілді, оның ішінде 15 талап мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы.

2015 жылдың қаржылай-шаруашылық қызметінің нәтижесі бойынша жалпы Орал қаласы бойынша 358,7млн.теңге сомада шығын келтірілсе, қызметтің негізгі түрінен қызметтердің өзіндік құнына жатпайтын шығындардың есебімен келтірілген шығындар 312,3млн.теңгені құрады.

Дайын өнімді өткізуден 1766,2млн.теңге сомада табыс алынды, соның ішінде суды беру бойынша 875,5млн.теңге, ағынды суларды қабылдау бойынша – 890,7млн.теңге, өзге табыстар – 23,2млн.теңге.

Өткізілген дайын өнімнің өзіндік құны 1747,5млн.теңге мөлшерінде құралды, кезең шығындары 331млн.теңгені құраса, соның ішінде өткізу бойынша шығындар 101,9мың теңгені құрады.

Суды беру бойынша бекітілген орташа жіберу тарифтері 1м<sup>3</sup> үшін 75,40 теңге кезінде және ағынды суларды өткізу бойынша 1м<sup>3</sup> үшін 88 теңге кезінде нақты өзіндік құн 1м<sup>3</sup> үшін суды беру бойынша 84,16 теңге, ағынды суларды өткізу бойынша 123,3 теңгені құрады.

Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау бойынша Агенттіктің 19.03.2003 жылғы №80-НҚ бұйрығымен бекітілген тарифтер (бағалар, алым ставкалары) және тарифтік сметаларды оңайлатылған тәртіпте бекіту Ережелеріне сәйкес тарифтер мен тарифтік сметаларды өсіру болған жоқ.

Тарифтік сметаны орындау бойынша келесі анықталды:

#### **Су құбыры бойынша**

- 1) «Шикізат пен материалдар» - материалдар құнының өсуі есебінен негізгі өндіріс бойынша артық шығын 1160,2 мың теңге, әкімшілік шығындар бойынша 842,6 мың теңге, өткізу бойынша 26,2 мың теңгені құрады. Апаттарды жою үшін қажетті бөлшектерді дайындауға металл шығынының ұлғаюына байланысты оттегі 60%-ға (1л. үшін 22 теңгеден 35,2 теңгеге дейін), кальций карбиді 8%-ға (1кг. үшін 241,8 теңгеден 260 теңгеге дейін).
- 2) «Химиялық реагенттер» - химиялық реагенттер құнының өсуі есебінен 15312,7 мың теңге артық шығын. Сұйық хлор 170%-ға (1 тн. үшін 275,9 мың теңгеден 746,8 мың теңгеге дейін), алюминий сульфаты 231%-ға (1тн. үшін 42,6 мың теңгеден 141 мың теңгеге дейін), кварц құмы 47%-ға (1тн. үшін 31,3 мың теңгеден 46 мың теңгеге дейін), керамзит 38%-ға (1тн. үшін 42 мың теңгеден 100 мың теңгеге дейін).
- 3) «ЖЖМ» - бензин құнының 1л. үшін 94,64 теңгеден 104 теңгеге дейін ұлғаюы есебінен, қысқы дизелдік отынның құны 1л. үшін 120,54 теңгеден 142,71 теңгеге, жазғы дизельдік отын құны 1л. үшін 80,36 теңгеден, 88,40 теңгеге дейін ұлғаюы есебінен, сонымен қатар жаңа техника мен автокөлік алудың есебінен негізгі өндіріс бойынша артық шығын 3232,47 мың теңге, әкімшілік шығындар бойынша 811,6 мың теңге, өткізу бойынша 150,4 мың теңгені құрады.
- 4) «Отын» (желілік газ) – газ құнының 1000м<sup>3</sup> үшін 9881 теңгеден 14827,9 теңгеге дейін ұлғаюы есебінен негізгі өндіріс бойынша үнемдеу 53,6 мың теңге, әкімшілік шығындар бойынша артық шығын 196,5 мың теңгені құрады.
- 5) «Электр қуаты» - ескірген электр жабдықтарын ауыстыру есебінен негізгі өндіріс бойынша 11240,1 мың теңге үнемдеу, 698 мың теңге әкімшілік шығындар бойынша, 56,5 мың теңге өткізу бойынша құрады. Жерасты сутартқысының Ү-ші көтерімінде бұрын жұмыс

жасаған қуаттылығы 320кВ.сағ. электр сорғысының орнына қуаттылығы 132 кВт.сағ. электр сорғысы және 50кВт/сағ. электр қозғалтқышы орнатылды. «Променад» сауда орталығының ауданындағы тұрғын үйлер, әлеуметтік нысандар және кәсіпорындарға қызмет көрсететін №21 көтергіш сорғы стансасында электр қозғалтқыштарын ауыстыру жүргізілді, ескірген екі 7кВт электр қозғалтқыштарының орнына әрбіреуі 2,2кВт жиілік басқарумен төрт электр қозғалтқышы орнатылды. №31 көтергіш сорғы стансасындағы электр қозғалтқыштары ауыстырылды, ескірген екі 7,5 кВт электр қозғалтқыштарының орнына әрбіреуі 2,2кВт жиілік басқарумен төрт электр қозғалтқышы орнатылды. Отыз екі көтергіш сорғы стансаларында ескірген 7,5кВт электр қозғалтқыштарының орнына жиілік басқарумен 4,4кВт жаңа сорғы агрегаттары орнатылды. СТҚ-да қуаттылығы 320кВт екі сорғы орнына желідегі судың қысымын жиілік реттеумен қуаттылығы 250кВт екі «Грюндфус» сорғылары қолданысқа енгізілді. Қуаттылығы 100, 150Вт шамдар орнына қуаттылығы 30,150Вт 390 дана қуатты үнемдеуші шамдар орнатылды. Үнемдеу 1230 мың кВт/сағ. құрады.

- 6) «Сатып алынатын су» - 2013 жылдың тамыз айынан дәлдік класы анағұрлым жоғары УВР-011 ультра дыбысты шығынды өлшеуші есептегіш құралдарын орнату нәтижесінде ЖҚО-нан сатып алынатын су көлемі 1843,мың т.м.-ге төмендеуі есебінен үнемдеу 4239,1 мың теңгені құрады.
- 7) «Еңбекақы» - 2014 жылғы теңгенің құнсыздануына байланысты және 2014 – 2015 жылдардағы инфляция еселілігіне байланысты еңбекақының ұлғаюы есебінен негізгі өндіріс бойынша артық шығын 92499,2 мың теңге, әкімшілік шығындар бойынша үнемдеу 611,7 мың теңге, өткізу бойынша артық шығын 11749,7 мың теңгені құрады. Осыдан басқа, өндірістік инженерлік-техникалық персоналдың орташа айлық еңбекақысы тарифтік сметада жұмысшылардың еңбекақысы деңгейінде қабылданған.
- 8) «Еңбекақыға әлеуметтік салық» - еңбекақы қорының ұлғаюына байланысты негізгі өндіріс бойынша артық шығын 11093,2 мың теңге, әкімшілік шығындар бойынша 174,6 мың теңге, өткізу бойынша 1453,5 мың теңгені құрайды.
- 9) «5% зейнетақы жарналары» артық шығын 1745,1 мың теңге, 21.06.2013 жылғы №105-Ү ҚР «Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамтамасыз ету туралы» Заңының 01.02.2013 жылы енгізілген қолданыстағы тарифтерде қарастырылмаған.



10) «Жылу қуаты» - жылу қуатына тарифтің 1Гкал үшін 2610 теңгеден 3355 теңгеге өсуі есебінен негізгі өндіріс бойынша 57,5 мың теңге артық шығынды және жылу қуатын пайдалануды 7,9Гкал төмендету есебінен өткізу бойынша 13,9 мың теңге үнемдеуді құрады.

11) «Амортизация» - негізгі құралдарды пайдалануға енгізу есебінен негізгі өндіріс бойынша 49049,4 мың теңге артық шығын, әкімшілік шығындар бойынша 5,6 мың теңге үнемдеу, өткізу бойынша артық шығын 150,4 мың теңгені құрады.

СТҚ-дан Петровский көшесіне дейінгі су құбырының 2-ші бұтасын қайта құрылымдау, су құбыры желілері – 17,7км., к/гіш СС – 2д., резервуарлар – 3д., кабельдік желі және қосалқы электр стансасы, ЭЦВ сорғылары – 40д., диаметрі 25мм.-ден 100мм.-ге дейінгі су есептегіш құралдары – 39д., сорғы стансалары – 3д., АКВА сорғы стансалары – 22д., дәнекерлеу аппараттары – 3д., ЖАС-қа қосалқы стансалары – 3д., Нива автокөлігі – 2д., УАЗ автокөлігі – 2д., ГАЗ-3307 автокөлігі – 1д., ГАЗ-3309 автокөлігі – 2д., дөңгелекті экскаватор – 1д., ұйымдастыру техникасы және басқа да негізгі құралдар.

12) «Жөндеу» - үнемдеу 6218,5 мың теңгені құрады, материалдар құнының өсуі және кәсіпорынның ауыр қаржылық жағдайына байланысты жөндеу жұмыстарын орындау үшін қажетті материалдарды алуға мүмкіндік болмады.

13) «Өзге шығындар» - тарифтік сметада қарастырылған 4897,4 мың теңге сомаға жобалық құжаттаманың 2014 жылы орындалуына байланысты негізгі қызмет бойынша үнемдеу 5007,6 мың теңгені құрады. «Көлік қызметтері», «Құралдарды тексеру», «Газ жабдықтарына ЖСЖ», «Химиялық талдау» бойынша шығындар жасалған келісімшарттар мен орындалған жұмыстарға сәйкес жүргізілді.

14) «Кезеңдер шығыны» - артық шығын 3578,7 мың теңгені құрады, соның ішінде әкімшілік шығындар бойынша үнемдеу 9808,2 мың теңге, өткізу бойынша артық шығын 13386,9 мың теңгені құрады. Өзге шығындар бойынша жалпы әкімшілік шығындар мен өткізу бойынша үнемдеу – 10653 мың теңге, соның ішінде:

Үнемдеу:

а) «Экологиялық Кодекске сәйкес шығындар» - 10305,7 мың теңге, «Газсервис және К» ЖШС-мен келісімшарт бойынша ЖСК жасақтау бойынша жұмыстар, «Геобайт-Инфо» ЖШС-мен қолданыстағы сутартқыда жерасты суларын өндіруге жоба 2013 және 2014 жылдарында келісімшарттарға сәйкес орындалды.

Артық шығын:

б) «Иссапарлар» бойынша 694,8 мың теңге қолданыстағы тарифтерде шығындар 2009 жылғы бекітілген лимит бойынша қабылдануына байланысты – 803,1 мың теңге, 2015 жылға лимит 1383 мың теңге көлемінде бекітілген.

в) «Міндетті сақтандыру» бойынша – 1584,6 мың теңге, «Байланыс қызметі» - 113,8 мың теңге, «Кадрларды даярлау» - 21,2 мың теңге, «Өрт қауіпсіздігі қызметі» - 55 мың теңге, «Пошта қызметі» - 89,8 мың теңге, «Көлікті сақтандыру» - 124 мың теңге, «Көлік салығы» - 101,8 мың теңге, қызметтер құнының өсуіне байланысты, жасалған келісімшарттарға сәйкес орындалған жұмыстардың нақты актілері бойынша төлем.

Шығындардың баптар бойынша ұлғаюы жою бойынша жұмыстарды орындауға материалдар мен қызметтерге бағалардың өсуіне байланысты, сонымен қатар табиғи және экологиялық сипаттағы апаттық жағдайлардан сақтандыруға байланысты. Қорытындысында, тарифтік смета бойынша шығындардың артық шығыны 150969,6 мың теңгені құрады. Суды беру бойынша нақты шығындар бекітілген 788135 мың теңге кезінде 939104,6 мың теңге көлемінде құралды.

2015 жылға суды берудің нақты өзіндік құны бекітілген 1м<sup>3</sup> үшін 64,71 теңге кезінде 1м<sup>3</sup> үшін 84,16 теңгені құрады.

#### **Кәріз бойынша**

- 1) «Шикізат пен материалдар» - материалдар құнының өсуі есебінен негізгі өндіріс бойынша артық шығын 1218,4 мың теңге, әкімшілік шығындар бойынша 847,6 мың теңге, өткізу бойынша 7,1 мың теңгені құрады. Апаттарды жою үшін қажетті бөлшектерді дайындауға металл шығынының ұлғаюына байланысты оттегі 60%-ға (1л. үшін 22 теңгеден 35,2 теңгеге дейін), кальций карбиді 8%-ға (1кг. үшін 241,8 теңгеден 260 теңгеге дейін).
- 2) «Химиялық реагенттер» - химиялық реагенттер құнының өсуі есебінен 22,8 мың теңге артық шығын.
- 3) «ЖЖМ» - бензин құнының 1л. үшін 94,64 теңгеден 104 теңгеге дейін ұлғаюы есебінен, қысқы дизелдік отынның құны 1л. үшін 120,54 теңгеден 142,71 теңгеге, жазғы дизельдік отын құны 1л. үшін 80,36 теңгеден, 88,40 теңгеге дейін ұлғаюы есебінен, сонымен қатар жаңа техника мен автокөлік алудың есебінен негізгі өндіріс бойынша артық шығын 4217,1 мың теңге, әкімшілік шығындар бойынша 809,6 мың теңге, өткізу бойынша – 152,4 мың теңгені құрады.
- 4) «Отын» (желілік газ) – газ құнының 1000м<sup>3</sup> үшін 9881 теңгеден 14827,9 теңгеге дейін ұлғаюы есебінен негізгі өндіріс бойынша артық



шығын 198,9 мың теңге, әкімшілік шығындар бойынша артық шығын 345,7 мың теңгені құрады.

- 5) «Электр қуаты» - ескірген электр жабдықтарын ауыстыру есебінен негізгі өндіріс бойынша 18848,4 мың теңге үнемдеу, 698 мың теңге әкімшілік шығындар бойынша, 34,5 мың теңге өткізу бойынша құрады. Айналмалы кәріз коллекторындағы сорғы стансасын пайдалану кезінде 2-КСС жүктемесін түсіру жүзеге асты, бұл орнатылған қуаттылығы 2\*800кВт/сағ. D-2400 сорғысының орнына қуаттылығы 500кВт/сағ. D-1200 сорғыларды орнатуға мүмкіндік берді, КТҚ-ға қуаттылығы 400кВт үш сорғының орнына қуаттылығы 310кВт үш «FLUC» сорғылары орнатылды. Қуаттылығы 100 және 150вт шамдар орнына қуаттылығы 30 және 150Вт 390 қуатты үнемдеуші шамдары орнатылды. Кәріз бойынша КТҚ-да және сорғы стансаларында жаңа технологиялық жабдықтарды енгізу есебінен Орал қаласының солтүстік-шығыс бөлігіндегі салынып жатқан тұрғын үй нысандарының есебінен ұлғайған жүктемеге қарамастан электр қуатын жалпы үнемдеу 2088,2 мың кВт құрады.
- 6) «Еңбекақы» - 2014 жылғы теңгенің құнсыздануына байланысты және 2014 – 2015 жылдардағы инфляция еселілігіне байланысты еңбекақының ұлғаюы есебінен негізгі өндіріс бойынша артық шығын 114396,3 мың теңге, әкімшілік шығындар бойынша үнемдеу 902,1 мың теңге, өткізу бойынша артық шығын 12428,1 мың теңгені құрады. Осыдан басқа, өндірістік инженерлік-техникалық персоналдың орташа айлық еңбекақысы тарифтік сметада жұмысшылардың еңбекақысы деңгейінде қабылданған болатын.
- 7) «Еңбекақыға әлеуметтік салық» - еңбекақы қорының ұлғаюына байланысты негізгі өндіріс бойынша артық шығын 13472,9 мың теңге, әкімшілік шығындар бойынша 126,8 мың теңге, өткізу бойынша 1520,7 мың теңгені құрады.
- 8) «5% зейнетақы жарналары» артық шығын 1644,9 мың теңгені құрады, бұл 21.06.2013 жылғы №105-Ү ҚР «Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамтамасыз ету туралы» Заңының 01.02.2013 жылы енгізілген қолданыстағы тарифтерде қарастырылмаған.
- 9) «Амортизация» - негізгі құралдарды пайдалануға енгізу есебінен негізгі өндіріс бойынша 150471,1 мың теңге артық шығын, әкімшілік шығындар бойынша 5,6 мың теңге үнемдеу, өткізу бойынша артық шығын 212,5 мың теңгені құрады. КТҚ қайта құрылымдау, кәріз коллекторының 2-ші бұтасын қайта құрылымдау, кәріз желілері – 7,9км., КСС – 2д., кәріз коллекторының 2-ші бұтасын пайдалануға енгізу, КТҚ қайта құрылымдау, 250 және

110 кВт қозғалтқыштарды КСС-қа орнату, қар мен балшықта жүру техникасы – КТҚ-ға 1д., сорғы агрегаттары – 3д. және негізгі құралдар.

- 10) «Жөндеу» - үнемдеу 3375,3 мың теңгені құрады, материалдар құнының өсуі және кәсіпорынның ауыр қаржылық жағдайына байланысты жөндеу жұмыстарын орындау үшін қажетті материалдарды алуға мүмкіндік болмады.
- 11) «Өзге шығындар» - жобалық құжаттама бойынша шығындардың 2014 жылы орындалуына байланысты негізгі өндіріс бойынша үнемдеу 16016,6 мың теңгені құрады. Кейіннен жобалық құжаттамалар бойынша шығындар нысан құнына жатқызылады.
- 12) «Кезеңдер шығыны» - артық шығын 16678,2 мың теңгені құрады, соның ішінде әкімшілік шығындар бойынша 2440,3 мың теңге, өткізу бойынша артық шығын 14237,9 мың теңгені құрады.  
Өзге шығындар бойынша әкімшілік шығындар мен өткізу бойынша жалпы артық шығын – 1882 мың теңгені құрады, соның ішінде:

Артық шығын:

а) «Иссапарлар» бойынша 756,4 мың теңге қолданыстағы тарифтерде шығындар 2009 жылғы бекітілген лимит бойынша қабылдануына байланысты – кәріз – 741,4 мың теңге, 2015 жылға лимит 1383 мың теңге көлемінде бекітілген.

б) «Міндетті сақтандыру» бойынша – 1791,8 мың теңге, «Байланыс қызметі» - 76,5 мың теңге, «Банк қызметтері» - 506,8 мың теңге, «Пошта қызметі» - 89,8 мың теңге, «Көлікті сақтандыру» - 148,1 мың теңге, «Мүлік салығы» - 4992,9 мың теңге, «Көлік салығы» - 101,8 мың теңге қызметтер құнының өсуіне байланысты, жасалған келісімшарттарға сәйкес орындалған жұмыстардың нақты актілері бойынша төлем.

Үнемдеу:

в) «Еңбекті қорғау» бабы бойынша - арнайы киім алуға, медициналық тексеру, залалсыздандыру жұмыстарын өткізуге жасалған келісімшарттарға сәйкес нақты шығындар бойынша 907,8 мың теңгені құрады.

ғ) «Баспаға жазылу, хабарландырулар» - баспаға жазылу шығындарын төмендету есебінен 235 мың теңгені құрады.

д) «Қоршаған ортаны қорғау» - табиғатты қорғау шараларын өткізу есебінен 1843,1 мың теңгені құрады. Зачаганск және Деркул кенттерінде орналасқан суды қашыртқылау жүйелеріне қосылмаған тұтынушылардың шығарылған ағынды суларды қабылдау бойынша қосымша жабдықталған төгінді бекеттері дайындалған.

Аталған төгінді бекеттерінде тормен тазалаушы операторлары ұсақ қоқыстар мен ҚТҚ тазалауды жүргізеді, механикалық тазалау ластағыш заттар санының азаюына әсер етеді. Сонымен қатар, түскен жауын-

шашын санының аздығына және №1 жинақтаушының қалыпты тірелген көкжиегі болуына байланысты, сонымен қатар биотоғандардың босатылуына байланысты №2 жинақтаушыға ағынды суларды шығару жүргізілмеді.

е) «Экологиялық Кодекске сәйкес шығындар» - «Газсервис және К» ЖШС-мен келісімшарт бойынша, «Уралводпроект» ЖШС-мен «Зачаганск кентіндегі Жәңгір хан көшесі бойындағы Д 1000мм. арынды кәріз коллекторын қайта құрылымдау» жобасының ЖСҚ жасақтау бойынша жұмыстар және т.б. келісімшартқа сәйкес 2013-2014 жылдары орындалуының нәтижесінде үнемдеу – 3257,4 мың теңгені құрады.

Шығындардың баптар бойынша ұлғаюы жою бойынша жұмыстарды орындауға материалдар мен қызметтерге бағалардың өсуіне байланысты, сонымен қатар табиғи және экологиялық сипаттағы апаттық жағдайлардан сақтандыруға байланысты орын алды. Қорытындысында, тарифтік смета бойынша шығындардың артық шығыны 264082,2 мың теңгені құрады. Ағынды суларды шығару бойынша нақты шығындар бекітілген 861110,93 мың теңге кезінде 1125193,1 мың теңге көлемінде құралды.

2015 жылға ағынды суларды шығару мен тазалаудың нақты өзіндік құны бекітілген 1м3 үшін 86,67 теңге кезінде 1м3 үшін 123,3 теңгені құрады.

"Батыс су арнасы"  
ЖШС директоры



Шунаев Е. Т.